



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Тарих қойнауында

Туған жер — туған өлке. Осы сөздердің астарында каншама мән, каншама өз туған жеріне деген ыстық сағыныш, мәңгі толас-

тамайтын сүйіспеншілік жатыр. Туған жер — адам баласының өсіп-өнген ортасы, баға жетпес құндылығы. Туған жер тарихы, оның тау-тасы, өзен-көлі, ол жерлерде ғасырлар сынына төтеп берген сәулет өнері ескерткіштерін, атадан балаға мұра етіп сақтай отырып, көздің қарашығындай сақтау — сол өңірде, аймақта туып-өскен әрбір перзенттің парызы. Осындай ұлы мақсаттарға халықты үндейтін Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалалары — Қазақстан халқының рухани байлығын жаңартуға, жақсартуға, дамытуға бағытталған. Оның аясында әр алуан бағыттары бар.

Негізгі бағыттардың бірі — бұл «Туған жер». Себебі әрбір адам өзінің туған жерін білмейінше, жалпы ұлттың тарихын білу ол мүмкін емес жағдай. Әр жердің тарихы — тұтас бір халықтың, тұтас бір ұлттың бөлінбес бөлшегі. Осы орайда, біз өткен жылдан бастап Торғай даласындағы әлі күнге дейін зерттелмеген көптеген тарихи орыңға экспедиция ұйымдастыруды бастадық. Бұл жұмыстарды тек Торғай халқына ғана емес, жалпы қазақ халқының тарихын тереңдетіп білуге, оның қалай өмір сүргендігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, мәдениетін жас ұрпаққа түсіндіруде өте бір маңызды іс-шараның бірі ретінде қарастыруымыз қажет.

Үстіміздегі жылдың маусым айының 10-24-аралығында Б.Алтынсарин атындағы Аркалық мемлекеттік педагогикалық институтының «Тарих» мамандығының 2-курс студенттері Аркалық қаласына қарасты Жаңақала (Қараторғай) өңірінде кезекті археологиялық тәжірибеден өтті.

Биыл археологиялық қазба жүргізуде ауа райы айтарлықтай қоңыржай болып, қазба жұмыс-

айға созылған болатын. Қазба жұмыстарына археологтармен қатар ауыл тұрғындары да тартылды. Табанды қазба жұмыстарының нәтижесінде негізгі обадан 150-ден аса садақ-жебесі шықты, сол маңайда қазылған бір обадан адам сүйегі тұтастай табылды. Жинақталған мәліметтер бойынша, археологиялық сараптама бойынша Жаңақала (Қараторғай) өңірі «Сақ және сармат тайпаларының шекаралас аймағы» деген шешім жасалған болатын. Егер археология ғылымындағы мәліметтерге қарасақ, жалпы сарматтардың жерлеу ғұрпында қорымға садақ жебелерін көптеп қою үрдісі басым, ал енді сақ жауынгері қорымдарында жебелерді аз мөлшерде қоюымен ерекшеленеді. Осылайша қабірлердегі жерлеу рәсіміне қарап отырып, оның қандай тайпаларға тиесілі екенін анықтауға болады.

Жалпы сармат тайпаларының өмір сүрген аймағы Орталық және Батыс Қазақстан болып табылады. Табылған мәйіттің жанынан оның қандай әлеуметтік топқа жататынын айғақтайтын бойтұмар, қанжар, түймелер табыл-



ауыр жұмыспен шұғылдану тек өз мамандығына деген сүйіспеншілігі керемет жандардың қолынан келеді. Оған екіншісі бірі төзе бермейді. Десек те, археологиялық қазбаға келген студенттер қауымы күннің ыстығына, мазаны алатын қаптаған шыбын-шіркейдің үздіксіз шабуылына қарамастан асқан шыдамдылықпен жұмыс істеді. Арагидік табылып қалатын археологиялық ұсақ-түйек олжалар студенттердің бұл мамандыққа деген қызығушылығын арттыра түсті.

Тәжірибеге келген студенттер үшін археологтар «Қособа-1» объектісін дайындап қойыпты. Біз барғанда обаны еліміздің әр өңірінен жиналған жалдамалы жұмысшылар қазып жатты. Қособаның биіктігі — 2,5 метр.

Йынауындағы Торғай



ауыр жұмыспен шұғылдану тек өз мамандығына деген сүйіспеншілігі керемет жандардың қолынан келеді. Оған екiнiң бiрi төзе бермейдi. Десек те, археологиялық қазбаға келген студенттер қауымы күннiң ыстығына, мазаны алатын қаптаған шыбын-шiркейдiң үздiксiз шабуылына қарамастан асқан шыдамдылықпен жұмыс iстедi. Арагiдiк табылып қалатын археологиялық ұсақ-түйек олжалар студенттердiң бұл мамандыққа деген қызығушылығын арттыра түстi.

Тәжiрибеге келген студенттер үшiн археологтар «Қособа-1» объектiсiн дайындап қойыпты. Бiз барғанда обаны елiмiздiң әр өңiрiнен жиналған жалдамалы жұмысшылар қазып жатты. Қособаның биiктiгi – 2,5 метр. Аумағы 25-30 метр шамасында. Бұл обаның Қособа аталуы, осы обаның жанында шамамен 70

толық аяқталмағандықтан көмiлген орны қайта аршылып, қазiргi таңда қазба жұмыстары жан-жақты жүргiзiлуде.

Айта кететiн бiр жайт, бытыр бұл обада құмыра сынықтары, моншақ, т.б заттар табылған болатын. Жерленген мәйiттiң айналасы табытқа ұқсағылып, бөренемен қоршалған. Алайда уақыт сыны қойсын ба, ағаш бөрененiң негiзгi бөлiгi ылғалдан шiрiген, тек орындары сақталып қалыпты. Студенттер осы обаны аршу үстiнде қиындығы мен қызығы қатар келетiн археология ғылымының қыр-сырын үйрендi. Күн санап бұл обада қазу жұмыстары күшейе түстi. Обаны тереңдетiп қазу кезiнде оның тура орта тұсынан жылқының сүйектерi табылды. Археолог мамандардың «Осы сүйектердiң астын шамалы қазған соң белгiлi бiр тереңдiкте адамның мәйiтi болуы мүмкiн» деген болжамн ұстапты. Арада

өлшеу, тереңдiктегi қабаттарды анықтау, аршу, тазалау сияқты жұмыстарды атқара отырып, қызығы мол археология ғылымының қыр-сырына қаныға түстi. «Қособа-1» обасының ортасында мәйiт орналасып, оның үстiңгi бөлiгi саз балшықпен ара-жiгi қаланып, күмбез тәрiздес жасалыпты. Археолог мамандар обаның ортасына жету мақсатында төрт жақты қазу жұмыстарын жүргiздi. Өте көп мөлшерде тас, топырақ үйiндiсi сыртқа тасылып, шығарылды. Обаның аршылған қабаттарына қарап отырып, оның кей жерлерде 4, кей тұстарда 5 қабаттан тұратынын байқауға болады. Мұнда да ежелгi құрылысшылар бос топырақты үйе бермей, ара-арасында оны илеп домбаздап, бiрiне-бiрiн жапсырып, қаластырғанын көреміз. Әрине, бұл жерде құрылыс шеберлерi тастың орнына тасиін қатпауын

шыққан. «Қособа-1» обасының тағы бiрi ерекшелiгi – обаның шығыс бөлiгiнiң батыс бөлiгiнен жоғары болып келуi. Мүмкiн, бұл «Қособа-1» обасында ежелгi көшпелiлер жүргiзген дiни ғұрыптарға байланысты болуы мүмкiн. Әзiрше, бұл болжам ғана.

Археологиялық қазба жұмыстары кезiнде Жаңақала өңiрiндегi «Қособа-1» обасының үстiңгi қабаттары толықтай бостопырақтан аршылып тазартылды. «Қособа-1» обасы әуеден дрон аппаратымен фотоға түсiрiлдi. Обаның үстiңгi қабатын қазу барысында темiрден жасалған, тот басқан пышақ табылды. Кейiнгi күндерi жүргiзiлген қазба жұмыстары обаның астынан мәйiттiң орналасқан орнын анықтау кезiнде оның басқа орынға қарай жасырылғанына куә болдық. Алайда археологтардың, тәжiрибеге келген студенттердiң қазба жұмыстарының уақыты аяқталғандықтан, қазба жұмысын тоқтатуға тура келдi. Сондықтан негiзгi қазба жұмыстары алдағы уақытта жүргiзiлмекшi.

Жалпы, археологиялық қазба жұмыстары ел тарихын ақтаңдақтардан арылтудың бiрден-бiр жолы болғандықтан, Жаңақала өңiрiнде қазба жұмыстарын жүргiзген экспедицияның маңызы зор. Егер де Торғай даласындағы қазба жұмыстары тоқтамай, осы қарқынмен сәттi жүргiзiлген жағдайда, тоналған, жартылай тоналған оба-қорғандардан ел тарихы мен мәдениетiне қатысты мол заттай деректер мен тарихи жәдiгерлер табылуы да ғажап емес.

«Туған жер» бағдарламасы ХХІ ғасырда қазақ халқының даладан қалаға кеткен жастарымыздың, жалпы тұрғындарымыздың шыққан ортасын ұмытпасын деген оймен жасалып жатқан дүние. Сондықтан қазiргi уақытта бұл бағдарлама ел өмiрiне ауадай

Археология және этнология институтының мамандары мен елордадағы Қазақстанның ұлттық мұражайының қызметкерлері 2017 жылдан бері аршып, зерттеу үстінде. Археологиялық қазба жұмыстарына келген студенттерді мұражай қызметкерлері Мейіржан Қызырханов пен Архат Қайырмағамбетовтар қарсы алып, қазба жұмыстары барысымен және техникалық қауіпсіздік шараларымен таныстырды.

Бұл өңірге танымал «Саба-1» обасының қазба жұмыстары былтыр қыркүйек, қазан айларында жүргізіліп, бір жарым

Жаңақала өңірі оба, қорғандарға бай десе де болады, үлкені бар, кішісі бар 50-дің үстінде. Обалар негізінен өзеннен алшақта орналасқан. Өзеннен екі-үш шақырымға дейінгі аралықта ірілі-ұсақты тастарды жеткізудің өзі өте көп күшті қажет етеді. Соған карағанда бұл қорымдар қолында билігі бар патшаның немесе дін абыздарының, әскербасыларының қорғандары болу да ғажап емес.

Археология ғылымы өте сабырлылықты, табандылықты, көп күш-қайратты талап ететін ғылым болып табылады. Жаздың аптап ыстығында тапжылмай

орналасқан. Сондай-ақ оңтүстік жағында 30 метр шамасында көлемі кішкене оба көрінеді.

Былтырғы біз зерттеу жүргізген «Саба-1», «Саба-2» обасынан, бұл обалардың жерлеу ғұрыптарында біршама өзгешелік бар. Сондай-ақ студенттер топқа бөліне отырып, «Қособа-1» обасынан бір шақырымдай қашықтықта, бірдей деңгейде орналасқан «Саба-4-2» қазба жұмыстарын жүргізді. «Саба-4-2» обасы Жаңақалаға апаратын жолдың оң жақ бетінде орналасқан. Бұл обаларда өткен жылы қазба жұмыстары жүргізілгенімен

бірнеше күнге созылған тоқтаусыз қазба жұмыстарының нәтижесінде жылқы сүйегі табылған жерден одан 1 метр төменірек қабатта әйел адамның сүйегі шықты. Археолог мамандардың болжамы бойынша бұл сүйектер б.з.б. ғасырға, яғни ғұн заманының адымына келіңкірейтін сияқты. Әрине, оның қаншалықты нақты жорамал екендігін арнайы лабораториядан зерттеу жұмыстары көрсетеді.

Күннің аптап ыстығында аршып, сы бір-бірінен алшақ емес екі обада тынымсыз жұмыс көрігіз қыздырған тарихшы студенттер қазба жүргізілетін орындар

да 30 метр шамасында кішкене оба көрінеді. Итырғы біз зерттеу жүр- «Саба-1», «Саба-2» оба- бұл обалардың жерлеу арында біршама өзгешелік ондай-ақ студенттер топқа отырып, «Қособа-1» обасы- шақырымдай қашықтықта, і деңгейде орналасқан «4-2» қазба жұмыстарын зді. «Саба-4-2» обасы алаға апаратын жолдың бетінде орналасқан. Бұл ода өткен жылы қазба стары жүргізілгенімен

қазба жұмыстарының нәтижесінде жылқы сүйегі табылған жерден, одан 1 метр төменірек қабатта әйел адамның сүйегі шықты. Археолог мамандардың болжамы бойынша бұл сүйектер б.з.б. II ғасырға, яғни ғұн заманының ада- мына келінкірейтін сияқты. Әрине, оның қаншалықты нақты жорамал екендігін арнайы лабораториядағы зерттеу жұмыстары көрсетеді. Күннің аптап ыстығында ара- сы бір-бірінен алшақ емес екі обада тынымсыз жұмыс көрігін қыздырған тарихшы студент- тер қазба жүргізілетін орынды

жауатын жауындарда, сондай- ақ көктемгі қардың еріген мол суынан обаның топырағының ағып кетпей бекем тұруын мақсат еткенін байқауға болады. Дала ар- хитектурасы осылайша өзіндік бе- кем ерекшелігімен танғалдырады. Ежелгі сақтар мәйіттің бетін жабу кезінде «бірінші, екінші» қабатына қара топырақ пен саз балшықты қолданса, обаның үйілген топырағы сусып, сумен шайылып кетпес үшін обаны айналдыра жақын маңайдағы өзеннен әкелінген арнайы тас- тармен бастырып қоршап, қалап

еран ерлі бағдарлама жер жерде сұранысқа, қолдауға ие. Әсіресе, бағдарламаның жемісі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа қажет.

Роман АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ,
Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институты
«Рухани жаңғыру» жобалық
кеңсесінің директоры,
Баубек ЕЛЕУСОВ,
Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институтының
аға оқытушысы